



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018 ж. маусым айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (5,9%)
- Жұмыссыздық ұзақ уақыт бойы алғаш рет баяулады
- Құрылыста және көлікте өсу қарқыны шапшаңдатылды
- Инвестициялық белсенділіктің бәсеңдеуі жалғасуда
- Халықтың нақты ақшалай табыстары оң қалпында қалып отыр

I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылдың маусымында айлық инфляция 0,2% деңгейінде болды.

Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%-ға төмендеді. Маусымдық фактордың әсерінен азық-түлік тауарларының құрылымында көкөніс пен жұмыртқалардың белгілі бір түрлерінде бағаның төмендеуі байқалды. Әлемдік нарығында азық-түлік тауарларына бағаның өсуіне байланысты қант пен ет, сондай-ақ алкоголь және алкогольсіз сусындар, сүт өнімдері (айраннан басқа) бағасының өсуі байқалды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,4% қымбаттады. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында акциздердің ұлғаюы есебінен дизель отыны үшін айтарлықтай бағаның өсуі байқалды, сонымен қатар киім мен аяқ киімге, автокөліктер мен тұрмыстық заттарға бағаның өсуі тіркелді. Бензин бағасы отандық өндірістің жоғары көлемінің аясында төмендеді.

Ақылы қызметтер 0,3% -ға өсті. Бағалардың өсуі көлік қызметтеріне (әсіресе ұшақ қызметтеріне демалыс күндерінің аясынан), байланыс қызметтеріне, мәдениет пен медициналық қызметке атап өтілді. Тежегіш әсерінен кейбір тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге (ыстық су) бағаның төмендеуі есебінен болды.


Жылдық инфляция 2018 жылғы маусымда 5,9% құрады. Инфляциялық үдерістерді қалыптастыру мұнай мен кейбір азық-түлік тауарларының (қант, ет) әлемдік бағасының елеулі өсуімен, сондай-ақ тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың артуымен байланысты ішкі тұтыну көлемінің өсуімен қатар жүрді.

Халықтың инфляциялық күтулері біртіндеп баяулауды жалғастырды. Халықтың сауалнамаларын бағалау нәтижелері бойынша инфляцияның 5,9%-ға дейін төмендеуді күтуде.

Көптеген кәсіпорындар (72,8%) 2018 жылдың екінші тоқсанында тұтыну бағаларының ағымдағы деңгейде өсетінін күтеді, ал 11,5% респонденттер ағымдағы бағасымен салыстырғанда бағаның баяу өсуін күтуде. Бағалардың жылдам өсу қарқынын күтетін кәсіпорындардың үлесі азайып келеді.


Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес жылдық инфляция біртіндеп бәсеңдейтін болады. 2018 жылы инфляция 5-7% мақсатты дәлізде қалады.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж




ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылғы бірінші тоқсаны бойынша нақты көрсеткіші 4,1%-ға ұлғайып 11,6 трлн. теңгені құрады.


2018 жылдың бірінші тоқсанында ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті өңдеуші өнеркәсіп (6,2%-ға), тау-кен өнеркәсіп көлемінің (5,1%-ға), көтерме және бөлшек сауда (6,2%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,6%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,0%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2017 жылдың қорытындысы бойынша **3,9%-ға** өсті.

Көрсеткіштің ұлғаюына шикізат тауарларының әлемдік конъюнктурасының жақсаруы аясында таза экспорттың өсуі оң үлес қосты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылдың бірінші жартысында қысқа мерзімді экономикалық индикатор* біршама өсіп, 105,2%-ді құрады.

Көрсеткішті есептеуге кіретін барлық негізгі салалар оң үрдісімен сипатталды.

Құрылыс секторындағы өсу қарқынының айтарлықтай жеделдетудің, сондай-ақ Қашаған кен орнында жоспарды асыра орындау нәтижесінде шикі мұнай өндірудің жоғары көлемге жетудің атап өткен жөн.

Жүк тасымалдарының және көтерме сауданың жоғары көрсеткіштері, инвестициялық белсенділік, сондай-ақ халықтың нақты ақшалай кірістердің оң динамикасы көрсеткіштің өсуіне әсерін тигізді.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Аймақтық контексте ҚЭИ ең жоғары мәні **Атырау облысында** байқалады. Көрсеткіштің өсуі мұнай мен мұнай өнімдеріне әлемдік жоғары бағаның аясында шикі мұнай өндіру көлемінің және оның көтерме сауданың өсуімен тығыз байланысты. Облыстың басқа да секторларында - көлік, ауыл шаруашылығы және байланыс саласында өсу қарқыны байқалды. 2017 жылдың соңынан бастап құрылыс секторындағы өндірістің төмендеуі аймақтың дамуына кері әсерін тигізеді.

Республикадағы ҚЭИ-ң төмендеуі қайтадан **Астана қаласында, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында** тіркелді.

Астана қаласы үшін индикатордың төмендеуінің негізгі себептері құрылыс пен саудадағы өндірістің төмендеуі болып табылады.

Қызылорда және Батыс Қазақстан облысында газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеу аясында өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша **өнеркәсіптік өндіріс** 5,2% -ға өсті. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру республиканың 14 өңірінде байқалды.

Тау-кен өнеркәсібі 5,5% -ға өсті. Өсу негізінен Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарында мұнай өндірудің жоғары көлемдерге байланысты. Өнеркәсіптің өсуі металл кендерін, түсті металл кендерін және темір рудаларын өндіру көлемінің өсуімен қамтамасыз етілген.

Өңдеу өнеркәсібі оң динамиканы көрсетті, саланың өсуі 5,2% құрады. Саланың негізгі драйверлері машина жасау, металлургия, тамақ өнімдері, кокс өндірісі және тазартылған өнімдер болып табылады.

Экономиканың негізгі салалардағы оң динамикасы **көлік қызметтеріне** деген сұраныстың белсендірілуіне ықпал етеді: **барлық көлік түрлерінің айналымы** 9,5%-ға өсті. Салада теміржол көлігі, мұнай құбырлары мен көлік жүк айналымының өсуі байқалды.


Құрылыс секторындағы динамикасы өте құбылмалы болып қалуда, сәуір мен мамырдағы құлдыраудан кейін, жылдың бірінші жартысында өнеркәсіп 3,8% -ға өсуді көрсетті. Өнеркәсіптің өсуі тұрғын үй ғимараттарының, өнеркәсіптік және әлеуметтік нысандардың, газ және мұнай құбырларының, газ компрессорлық станциясының, Семей қаласындағы автожолдарды қайта жаңғыртудың және Шымкент мұнай-химия зауытын жаңғыртудың өсуімен байланысты.

Ауыл шаруашылығы біртіндеп жеделдеті береді, жылдың бірінші жартысында өсім 4,0% -ды құрады. Өнеркәсіптің өсуі малдың жоғары өсу қарқынымен түсіндіріледі.

Тұтынушылық сұраныстың артуына және кредиттеудің өсуіне байланысты 2018 жылдың бірінші жартысында **тауарлар мен қызметтерді сату** көлемі 5,9% -ға өсті. Өнеркәсіптің өсуіне негізгі үлес қосқан көтерме саудасы болды, ол мұнай өнімдерін сату көлемінің өсуімен байланысты. Бөлшек сауданың өсуі де байқалды. Есепті кезеңде республиканың бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі ең үлкен үлесі Алматы және Астана, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарына тиесілі.

Байланыс саласы жыл басынан бері алғаш рет біршама баяулады, өсуі 5,9% құрады. Саланың негізгі драйверлері Интернет, ұялы байланыс және басқа телекоммуникация қызметтері болуда.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Инвестициялық белсенділіктің өсу қарқыны қайта жоғарылап, бірінші жартыжылдықта өсім 25,8%-і құрады.

Экономиканың барлық негізгі салаларында негізгі құралдарға салынған инвестициялардың көлемі ұлғаюда. Сонымен қатар, инвестициялардың өсуіне негізгі үлес қосқан өнеркәсіп өндірісі (60%), жылжымайтын мүлікпен операциялар (14%), көлік және қоймалау (13%) салары болды. Өнеркәсіп өндіріске жіберілетін инвестициялардың мөлшері Теңіз кен орнындағы қуаттылықтың ұлғаюы және Шымкент мұнай-химия зауытын модернизациялау нәтижесінде көбейді.


Аймақтық контексте инвестициялардың ең көп бөлігі Атырау облысында (37%), сонымен қатар Астана, Алматы және Шымкент қалаларында (10% және 7% тиісінше) белгіленді. Инвестициялардың ең аз мөлшері Солтүстік Қазақстан облысында байқалады (2% -дан төмен).

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 48%-дан астамы шикізаттық емес секторға бағытталды (бюджеттік инвестицияларды қоспағанда).

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 70,6%, ал сыртқы инвестициялардікі 29,4% құрады.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты қаражатты қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуда.

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰЭМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

2018 жылдың 1-тоқсанында Ұлттық Банк жүргізген экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес, ағымдағы және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы ресурстарының жетіспеушілігін, өнімдерге сұраныстың жеткіліксіз болуын, басқа кәсіпорындардың нарықтық бәсекелестігін, Қазақстан экономикасының пайдасы мен пайдасыздығын атап өтті (9-график).

жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-наурызы бойынша сыртқы сауда айналымы 24,3%-ға (экспорт 27,0%-ға, импорт 19,4%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі 70% астам, олардың экспорты 35,3%-ға өсті. Металдар мен олардан жасалған өнімдер экспорты да 12,3%-ға ұлғайды. Жоғарыда көрсетілген тауарлар экспортының өсуі бірнеше факторларға байланысты, атап айтқанда әлемдік нарықтарында баға конъюнктурасы жақсарғанына, Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемінің артуы, сондай-ақ Өзбекстан, Түркия, Италия және Иран елдеріне астық экспорттау көлемінің артуы негіз болды.

ЕО елдері (үлесі 55,3%), Қытай (үлесі 10,0%), ТМД елдері (үлесі 15,5%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 9,6%.


2018 жылы қаңтар-наурыз айлары импорты бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Ішкі тұтыну өсуінің аясында импорттың өсуіне ең үлкен үлесін машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 25,7%), дайын тағамдық өнімдер (өсу 16,3%), сондай-ақ химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 11,0%) құрды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 39,4%), ЕО елдеріне (үлесі 19,5%) және Қытайға (үлесі 15,7%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 1-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 1-тоқсанда 2017 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Өзбекістан, Қырғызстан және Ресей). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Армения мен Тәжікстанда тіркелді. 2018 жылғы 1-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты.



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)


2018 жылдың бірінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,0%-ға өсті (2017 жылғы төртінші тоқсанда 0,2%-ға өсті).

Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 2,3%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 5,1%-ға және ауыл шаруашылығында 2,8%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, көлікте және құрылыс саласында байқалды.


Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Қызылорда облысында (4,0%-ға өсті), Ақтөбе облысында (2,8%-ға өсті), Алматы (2,6%-ға) және Астана (4,1%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылғы маусым айында жұмыспен қамтылғандар саны 0,4%-ға артып, 8592,2 мың адамды құрды (экономикалық белсенді халықтың 95%).


2018 жылы маусымда жұмыссыздық деңгейі 4,8% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 149,5 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өсуде. 2018 жылғы бірінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,4%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 40 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 21,5%-бен сақталуда.

Бір аптада 35 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы бірінші тоқсанда біршама өсіп, үлесі 70,6% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы маусым айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 4,1%-ға ұлғайып, 163,6 мың теңгені құрады.


2018 жылғы 1-тоқсанда нақты жалақы 4,0%-ға өсті.

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 1-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (21,9%-ға), құрылыста (10,4%-ға), тау-кен өндірісінде (6,0%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (4,4%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (4,2%-ға), білім беруде (2,4%-ға), қаржы және сақтандыру қызметінде (3,6%) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 1-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (282,0 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (102,1 мың теңге) тіркелді.

2018 жылғы 1-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 3,2%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (12,2%-ға), өнеркәсіпте (6,5%-ға өсті), көлікте (5,8%-ға) және орналастыру және тамақтану бойынша қызметтерде (3,2%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн (саудадан және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша